

Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 19/356-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 желтоқсанда № 399-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының, "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 - бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Абай облысының Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық мәслихат төрағасы

A. Ибрашин

Аягөз аудандық мәслихатының

2024 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 19/356-VIII шешіміне

1- қосымша

Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзірленді және Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Әлеуметтік қолдауды тағайындау уәкілетті орган - "Абай облысы Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырылады.

2. Әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі және мөлшері

3. Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардан өтініштерін талап етпей, мемлекеттік үйымдардың бірінші басшыларымен бекітілген жинақ тізім негізінде, "Қазпошта" Акционерлік қоғамы және екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар үйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік қолдау Аягөз ауданы аумағындағы ауылдық елді мекендерде тұрақты тұратын және жұмыс істейтін тұлғаларға көрсетіледі.

5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 12 (он екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Аягөз аудандық мәслихатының

2024 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 19/356-VIII шешіміне

2 - қосымша

Аягөз аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейір шешімдерінің тізбесі

1. Аягөз аудандық мәслихатының "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25072 болып тіркелген);

2. Аягөз аудандық мәслихатының "Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және

жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 4 мамырдағы № 3/23-VIII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 74-18 болып тіркелген);

3. Аягөз аудандық мәслихатының "Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 12/210-VIII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 272-18 болып тіркелген);

4. Аягөз аудандық мәслихатының "Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 15/286-VIII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 347-18 болып тіркелген);